

www.vestnik.keu.kz

№ 1 (76) 2025

ISSN 1998-7862

DOI: 10.52445/BKEU.2025.76.1.001

**ҚЭУ ЖАРШЫСЫ:
ЭКОНОМИКА, ФИЛОСОФИЯ,
ПЕДАГОГИКА, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ
ЖУРНАЛЫ**

ЖУРНАЛ

**ВЕСТНИК КЭУ:
ЭКОНОМИКА, ФИЛОСОФИЯ,
ПЕДАГОГИКА, ЮРИСПРУДЕНЦИЯ**

JOURNAL

**BULLETIN OF KEU:
ECONOMY, PHILOSOPHY,
PEDAGOGICS, JURISPRUDENCE**

Қарағанды 2025

СОДЕРЖАНИЕ

ЭКОНОМИКА

Анастасия ЛЫСАК, Айдана БАЙМУХАМЕТОВА, Майгуль МАЛДЫБАЕВА Ұн кондитерлік өнімдерінің тұтынушылық қасиеттері	7
Анеля ЖАНСАКАЛОВА, Динар СИХИМБАЕВА, Рахимбай МЫНЖАСАРОВ Благополучие сотрудников как фактор конкурентоспособности отечественных компаний	12
Бадан Абылай ЖАЛҒАСҰЛЫ Развитие транспортно-логистической инфраструктуры в Казахстане и важность проекта ТЛК на станции Улан	18
Еркеназым ОРЫНБАСАРОВА, Жанна ЖАР Организационно-управленческие инновации в продовольственной системе Казахстана	24
Зоя ГЕЛЬМАНОВА, Сауле МАЖИТОВА, Гулбахор КАРИМОВА Устойчивое потребление и изменение поведения потребителей: ключевые факторы и система SHIFT	32
Рустемұлы МУХАМЕДАЛИ, Динар СИХИМБАЕВА, Ирина ТУРГЕЛЬ Развитие методологических подходов к инвестиционной привлекательности как фактора рентной оценки минерально-сырьевых ресурсов	41

ПЕДАГОГИКА

Салтанат РЫСМАГАНБЕТОВА, Қолқанат ҚОҢЫРТАЕВА Применение виртуальных лабораторных работ на уроках физики в дистанционном обучении	47
Талгат САЛКЕБАЕВ, Қымбат МАГДАТОВА Эволюция теорий девиантного поведения	56
Гульмира ШРАЙМАНОВА, Константин БОГДАНОВ Роль образовательных учреждений и социальных партнеров в воспитательной работе с молодежью в системе физической культуры и спорта	61

ФИЛОСОФИЯ

Батима МУКАШЕВА, Индира РАХЫМОВА Исследование удовлетворенности жизнью у молодежи в контексте гендерной идентичности	66
--	----

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Даурен БАЛГИМБЕКОВ, Назгүл ЕЛЕУБЕКОВА, Альбина БЕКБАЕВА Криминалистическая характеристика убийств женщин супругом в сфере семейно-бытовых отношений	75
Канат ЛАКБАЕВ, Татьяна ВОЛЧЕЦКАЯ, Бахыт НУРГАЛИЕВ Способы выявления и противодействия совершению киберпреступлений	82
Сергей МАЛИКОВ, Инкәр МӘЖИТ Нарушения правил безопасности в горнодобывающей и строительной отраслях в Казахстане: уголовно-правовой анализ и механизмы предупреждения	89
Адель САДВАКАСОВА, АННА ПРОКОПОВА Особенности финансирования терроризма в Республике Казахстан: криминалистический подход	96
Шолпан ТОГАЙБАЕВА, Амир ТОГАЙБАЕВ, Думан БОРАНБАЙ, Азамат БУСЫРМАНОВ Состав уголовного правонарушения, предусмотренного ст. 196 УК РК (приобретение или сбыт имущества, заведомо добытого преступным путем)	104
Шолпан ТОГАЙБАЕВА, Амир ТОГАЙБАЕВ, Женис ДЖУСУПОВ Состояние, динамика присвоений или растрат вверенного чужого имущества в РК по состоянию с 2002 года по 2019 год: исторический аспект	111
ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ	116

Сергей МАЛИКОВ, заң ғылымдарының докторы, доцент, Ресей Ғылым Академиясының Мемлекет және құқық институты директорының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, 119019, Ресей Федерациясы, Мәскеу қ., Знаменка көшесі, 10

Іңкәр МӘЖИТ, «Экономикалық теория және Мемлекеттік және жергілікті басқару» кафедрасының зертханашысы, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, 100009, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Академическая көшесі, 9, e-mail: mazhitinkar@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА ТАУ-КЕН ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ: ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ТЕТІКТЕРІ

Түйін: Бұл мақалада Қазақстан Республикасында тау-кен және құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзудың криминологиялық ерекшеліктері мен құқықтық аспектілері қарастырылады. Аталған қылмыстардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайлар талданады, сондай-ақ құқық қолдану практикасынан статистикалық деректер мен мысалдар келтіріледі. Қылмыстық-құқықтық және ұйымдастырушылық-басқарушылық алдын алу шараларын жетілдіру қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Салыстырмалы құқықтық, формальды-құқықтық және статистикалық әдістерді қолдану тәуекелдің негізгі факторларын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу қорытындысы бойынша азаматтардың өмірі мен денсаулығына қарсы бағытталған қылмыстардың алдын алудың, сондай-ақ құрылыс және пайдалы қазбаларды өндіру саласындағы өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттырудың тиімді жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: тау-кен, құрылыс жұмыстары, қауіпсіздік ережелерін бұзу, қылмыстың сипаттамасы, қылмыстық динамика.

Сергей МАЛИКОВ, доктор юридических наук, доцент, заместитель Директора по научной работе Института Государства и Права Российской Академии Наук, 119019, Российская Федерация, г. Москва, улица Знаменка, 10.

Іңкәр МӘЖИТ, лаборант кафедры «Экономической теории и Государственного и местного управления», 100009, Карагандинский университет Казпотребсоюза, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая, 9, e-mail: mazhitinkar@mail.ru

НАРУШЕНИЯ ПРАВИЛ БЕЗОПАСНОСТИ В ГОРНОДОБЫВАЮЩЕЙ И СТРОИТЕЛЬНОЙ ОТРАСЛЯХ В КАЗАХСТАНЕ: УГОЛОВНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ И МЕХАНИЗМЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ

Аннотация: В данной статье рассматриваются криминологические особенности и правовые аспекты нарушений правил безопасности при ведении горных и строительных работ в Республике Казахстан. Анализируются причины и условия, способствующие совершению указанных преступлений, а также приводятся статистические данные и примеры из правоприменительной практики. Особое внимание уделено необходимости совершенствования уголовно-правовых и организационно-управленческих мер профилактики. Использование сравнительно-правового, формально-юридического и статистического методов позволило выявить ключевые факторы риска. По итогам исследования предлагаются эффективные пути предупреждения преступлений, направленных против жизни и здоровья граждан, а

Дәйексөз үшін • Для цитирования • For citation

ГОСТ

Маликов С., Мәжит І. Қазақстанда тау-кен және құрылыс салаларындағы қауіпсіздік ережелерінің бұзылуы: қылмыстық-құқықтық талдау және алдын алу тетіктері // ҚЭУ жаршысы. – 2025. – № 1. – 89–__-б.

АРА

Malikov, S., Mazhit, I. (2025) Qazaqstanda taw-ken jәne qurılıs salalarındaǵı qawipsizdik erejeleriniń buzılıwı: qılmıstıq-quqıqtıq tal daw jәne aldın alw tetikteri (Safety violations in the mining and construction industries in kazakhstan: criminal and legal analysis and prevention mechanisms) [in Kazakh]. Bulletin of KEU. 1 (76), p. 89–__.

также повышения уровня производственной безопасности в сфере строительства и добычи полезных ископаемых.

Ключевые слова: добыча полезных ископаемых, строительные работы, нарушение правил безопасности, характеристика преступлений, криминальная динамика.

Sergey MALIKOV, Doctor of Law, Associate Professor, Deputy Director for Research, Institute of State and Law, Russian Academy of Sciences, 10 Znamenska Street, Moscow, 119019, Russian Federation

Ingkar MAZHIT, laboratory assistant, Department of 'Economic Theory and State and Local Governance', 100009, Karaganda University of Kazpotreboysuz, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya str. 9, e-mail: mazhitinkar@mail.ru

SAFETY VIOLATIONS IN THE MINING AND CONSTRUCTION INDUSTRIES IN KAZAKHSTAN: CRIMINAL AND LEGAL ANALYSIS AND PREVENTION MECHANISMS

Abstract: This article considers criminological features and legal aspects of violations of safety rules during mining and construction works in the Republic of Kazakhstan. Causes and conditions contributing to the commission of these crimes are analysed, as well as statistical data and examples from law enforcement practice. Particular attention is paid to the need to improve the criminal-legal and organisational-administrative measures of prevention. The use of comparative-legal, formal-legal and statistical methods made it possible to identify key risk factors. Based on the results of the study, effective ways of preventing crimes against the life and health of citizens, as well as increasing the level of industrial safety in the field of construction and mining are proposed.

Keywords: mining, construction works, violation of safety rules, characterisation of crimes, criminal dynamics.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында өндірістік қауіпсіздік саласына байланысты құқықбұзушылықтардың криминологиялық сипаты мен оларды болдырмау тетіктерін зерттеу – кылмыстық саясаттың өзекті бағыттарының біріне айналып отыр. Әсіресе тау-кен және құрылыс жұмыстары барысында қауіпсіздік ережелерін елемей адам өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төндіретін аса қауіпті құбылыс ретінде сипатталады. Бұл салада орын алатын заң бұзушылықтар ауыр қайғылы оқиғаларға, адам өліміне немесе ауыр дене жарақаттарына әкелуі мүмкін. Осыған байланысты өндірістік қауіпсіздік нормаларын бұзуда байланысты кылмыстардың себеп-салдарын анықтап, оның криминологиялық ерекшеліктерін ашу – мемлекеттің кылмыстық-құқықтық саясатын жетілдіру жолында маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Мақаланың мақсаты – Қазақстандағы тау-кен және құрылыс жұмыстары барысында қауіпсіздік ережелерін бұзу фактілерінің криминологиялық сипаттамасын беру, аталған кылмыстардың себептері мен жағдайларын талдау және олардың алдын алу бойынша тиімді құқықтық әрі ұйымдастырушылық шараларды ұсыну.

Материалдар мен тәсілдер

Зерттеуде Қазақстан Республикасының кылмыстық заңнамасының материалдары пайдаланылды. Сондай-ақ Бас прокуратура, Ішкі істер министрлігі және еңбек қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органдар ұсынған статистикалық деректер, өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы есептер және талдамалық шолулар пайдаланылды. Зерттеу барысында ғылыми-құқықтық әдебиеттер, отандық және шетелдік криминологтардың еңбектері, сала мамандарының практикалық ұсыныстары қаралды.

Мақалада жалпы ғылыми (талдау, синтез, индукция, дедукция) және арнайы құқықтық әдістер (формальды-құқықтық, салыстырмалы-құқықтық, жүйелік-құрылымдық, статистикалық) кешені қолданылды. Криминологиялық талдау жүргізу барысында кылмыстық құқықбұзушылықтардың себептері мен жағдайларын анықтау үшін эмпирикалық мәліметтерге сүйеніп, оларды жүйелеу және жалпылау тәсілдері пайдаланылды. Бұл әдістер қауіпсіздік ережелерін бұзуда байланысты кылмыстардың құрылымын, серпінін және алдын алу мүмкіндіктерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік берді.

Талқылау/Нәтижелер

Соңғы жылдары елімізде ҚР Қылмыстық кодекстің 277-бабына сәйкес тау-кен, құрылыс саласының кәсіпорындарында ауыр жарақат алып, жазатайым оқиғалардан қаза тауып жатқандардың саны өсуде. «Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті камтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары» жобасының қатысушыларының зерттеуі бойынша ресми түрде 2023 жылы елімізде ҚК-нің 277-бабы бойынша 3 қылмыстық іс қозғалған.

Елімізде пайдалы қазбаларды игеру бойынша бірнеше ірі кен орындары мен оларға иелік ететін кәсіпорындар, көптеген құрылыс жұмыстарын жүргізетін объектілер бар. Нақтырақ көрсететін болсақ:

- табиғи газ: Амангелді, Дарьинское, Жалғызтүбе, Каменское, Қызы-лой, Ульяновск, Теңге, Қисымбай, Қарашығанак, Имашевское, Рожковское, Порт-Артур, Хвалынское, Үшмәдениет, Сығандық және т.б.;
- мұнай: Ақтоты, Алатөбе, Амангелді, Арысқұм, Асар, Арыстановское, Әуезов, Ащысай, Болғанмола, Борқылдақты, Доссор, Тақтай, Жақсымай, Жаңажол, Жетібай, Жыланды, Забунье, Имашевское және т.б.;
- уран: Инкай, Буденовское, Мыңқұдық, Мойынқұм, Қанжуған, Жалпақ, Заречное, Иркөл, Солтүстік Харасан, Қамыс, Семізбай, Викторовское, Грачевское, Бор, Заозерное, Көлжат, Сұлушоқы және т.б.;
- мырыш, вольфрам, барит: Жәйрем, Малеевское, Чекмарь, Шалқия, Жоғарғы Қайрақты, Қараоба, Қарағайлы және т.б.;
- алтын: Ақбақай, Ақбейіт, Ақсу, Арқарлы, Бестөбе, Васильевское, Далабайлық, Ешкіөлмес,


Жарқұлақ, Жітіқара, Жолымбет, Суздальское және т.б.;

- молибден: Қараоба, Шорское, Бошекулское, Қаратас және т.б.;
- мыс: Ақтоғай, Бозшакөл, Итаудық, Зайсан, Қаратас және т.б.;
- никель: Шевченковское, Горностаевское, Екібастұз-ІІІдерті және т.б.;
- темір: Абай, Аят темір кені бассейні, Балбырауын, Иірсу, Қаражал, Сарыбай және т.б.;
- қорғасын: Байжансай, Қайрақты, Қарағайлы және т.б.;
- күміс: Алабұға, Лачинхана, Тақыр, Құйызбай, Ботабұрым, Пұшықтау, Наурызбай, Шөптікөл, Павловское және т.б. кен орындары.


Кәсіпорындардың ең көп шоғырланған жерлері Алматы және Астана қалаларында байқалады. Өндіруші кәсіпорындар саны бойынша үшінші өңір – Маңғыстау облысы болып табылады. Өндіруші кәсіпорындардың ең аз шоғырлануы – Ұлытау облысында [1].

Ал ірі құрылыс компанияларының қатарына: Базис-А, ЖШС TARLAN Development, Евразия Строй LLP, Алматыгорестрой, Woolim Construction Co., Рамс Казахстан, Таймас және т.б кіреді.

2023 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша өнеркәсіпте 1,14 млн адам жұмыспен қамтылған – бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2%-ға артқан. Тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында 276,7 мың адам (2022 жылмен салыстырғанда 1,5%-ға артқан) жұмыс жасайды [2]. Зерттеу барысында жұмысшылардың орташа жас мөлшері 35-45 жас аралығында екені анықталды. Тиісіпше, бұл салада көбінесе ер адамдар қызмет етеді. 2023 жылғы статистика бойынша, бұл салада 19% әйел адамдар, 81% ер адамдар жұмыс жасайды [3].



1-сурет. Соңғы 6 жылда ҚР ҚК 277-бабына қатысты қозғалған қылмыстық істердің динамикасы



2-сурет. Республика бойынша жұмыс барысында жарақат алған жұмысшылардың пайыздық көрсеткіші

Зерттеудің криминологиялық сипаттамасына тоқталып өтейік.

Төмендегі диаграммада «Тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралары» жобасының қатысушыларының зерттеу нәтижелері бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 277-бабында қарастырылған қылмыстық істердің соңғы 6 жылдағы динамикасы көрсетілген.

Диаграммадағы мәліметтерге сәйкес 2018 және 2021 жылдары ҚК-нің 277-бабы бойынша қылмыстық іс көп қозғалған. Елімізде соңғы жылдары құрылыс өндірісі және шахта, тау-кен саласында жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы, жұмыскерлердің тиісті деңгейде қажетті құралдармен және техникамен жабдықталмауы салдарынан орын алған оқиғалар екені аңғарылды. Осы тұста республика бойынша жұмыс барысында жарақат алған жұмысшылардың пайыздық көрсеткіші төменгі суретте көрсетілген (2-сурет).

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының соңғы ресми мәліметі бойынша 2022 жылы жұмысшылардың 23.9%-ы тау-кен саласында, ал 8.8%-ы құрылыс саласында жазатайым оқиға салдарынан ауыр дене жарақаттарын алып, кей жағдайларда көз жұмған [4].

Жазатайым оқиғалардың орын алуының негізгі себептері:

- жәбірленуші тарапынан дөрекі абайсыздық (33.3%);

- жұмыс өндірісінің дұрыс ұйымдастырылмауы (27.1%);

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (9.3%).

Республиканың тау-кен немесе құрылыс саласында жарақаттанудың жоғары деңгейі Қарағанды облысында, Шығыс Қазақстан облысында, Абай облысында, Павлодар облысында, Қостанай облысында, Ақтөбе облысында, Алматы облысында байқалады [5].

Жобаға қатысушылардың зерттеулеріне сүйенсек, ҚР Жоғарғы Соттың сайтында 2018–2023 жылдар аралығында 43 сот ісіне қатысты материалдар (үкімдер мен қаулылар) табылды. 2018–2023 жылдар аралығында ҚР Қылмыстық кодексінің 277-бабының 1-тармағы бойынша 0%, 2-тармағы бойынша 87%, 3-тармағы бойынша 13% көрсеткіште қылмыстық істер қозғалған. Төмендегі кестеде нақты оқиға орындары көрсетілген (1-кесте).

Осы оқиғалардың салдарынан кәсіп түрі бойынша жауапкершілікке тартылған адамдардың саны 2-кестеде көрсетілген.

3-кестедегі мәліметтерге сүйенсек, ҚР Қылмыстық кодексінің 277-бабында көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны дәлелденген айыпталушыға Сот ең көп тағайындайтын жаза түрі – бас бостандығынан айыру. Сот айыпталушының бұрын-соңды сотталмағандығын, кәмелет жасқа толмаған балаларының бар-жоғын, қамқорлығында қандай да бір тұлғаның болмауын және т.б. жазаны жеңілдететін мән-жайларды қарастыруға міндетті екенін еске салған жөн.

Осы саладағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың санын азайту үшін, заңға өзгеріс енгізбей-ақ,

1-кесте. Қылмыстық құқықбұзушылық орын алған жерлер статистикасы

Қылмыстық құқықбұзушылық орын алған жер	Қылмыстық істер (%)
Цех	5.3%
Шахта	47.4%
Ғимаратты салу немесе құрылыс орны	36.9%
Тау-кен орны	7%
Басқа орын (инженерлік желілерді жөндеу орны)	2.4%

2-кесте. Қылмыстық құқықбұзушылық оқиғалардың салдарынан кәсіп түрі бойынша жауапкершілікке тартылған адамдардың саны

Лауазымы	Жауапкершілікке тартылған адамдар саны
Кеніш бастығы	2
Инженер, бас инженер	2
Учаске шебері (бастығы), тау-кен шебері	20
Цех бастығының міндетін атқарушы	2
Вахта бастығы	1
Директор (ЖК, ЖШС басшысы)	6
Маусымдық қызметкерлердің бригадирі	1
Прораб	1
Жеке кәсіпкер	1
Қопарушы (взрывник)	2
Кезекші слесарь	2
Қазандық жұмысшысы	1
Уақытша жұмыссыз	2
Кранмен жұмыс істеуші (кранның операторы)	2
Машинист (электровоздың, погрузчиктің және т.б.)	4
Электромеханик	1
Газ электросварщикі	1
Жалдамалы жұмысшы	2

3-кесте. ҚР Қылмыстық кодексінің 277-бабында көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған тұлғаларды жауапкершілік шаралары бойынша бөлу

Жаза түрі	Жаза түрінің мөлшері						
	1 жыл	1 жыл 6 ай	2 жыл	2 жыл 6 ай	3 жыл	3 жыл 6 ай	4 жыл
2000 АЕК мөлшерінде айыппұл							
Түзету жұмыстары							
600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту							
Бас бостандығынан екі жылға дейін шектеу							
Бас бостандығынан айыру	4,1% (шартты түрде)	-	28,6% (шартты түрде)	4,1% (шартты түрде)	53% (шартты түрде)	4,1% (шартты түрде)	6,1% (шартты түрде)
Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейін айыру	12%	4%	6%	-	4%	-	-
Кінәсіз деп танылған тұлғалар	8%						

заңдық күші бар жазалардың орындалғанын тиісті дәрежеде қадағалап, алдын алу шараларына көп көңіл бөлген дұрыс деп есептейміз. Бұл саладағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың санын шет елдердің тәжірибесін қарастыру және салыстыру арқылы азай-

туға болады. «Қазақстан Республикасының 2024–2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған № 1182 қаулының 3-бөлімінде Халықаралық тәжірибе жайлы айтылған.

Біріншіден, мемлекет тиісті деңгейде әрбір жұмыс орнының еңбек жағдайын және кәсіптік тәуекелдерін бағалау керек. Мысалы, Оңтүстік Кореяда сараптаманы Кореяның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау агенттігі жүзеге асырады, кәсіпорын жұмысын оң деп тану қауіпсіздік пен денсаулықты тексеруден босатады, сондай-ақ әртүрлі жеңілдіктері болады (20 %-ға дейін сақтандыру кезіндегі жеңілдіктер, субсидиялар, гранттар мен өндірістік жаракаттанудың алдын алу құралдарын жақсартуға қарыздар және т.б.).

Екіншіден, талдау негізінде икемді сақтандыру тарифтерін белгілеу керек. Мысалы, АҚШ-та федералдық деңгейде сақтандыру қаражаты есебінен оңалту бағдарламаларында қажетіне қарай физикалық оңалту, қайта даярлауды қамтамасыз ету, білім беру курстары, зақым алған кезде жұмыс орнын ауыстыру, лайықты жұмыс іздестіру көзделген. Германияда жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардан міндетті сақтандыру басталғанға дейінгі және одан кейінгі сақтандыру жағдайының профилактикасын; оңалтуды (медициналық, кәсіптік және әлеуметтік); келтірілген залалдың орнын толтыруды (акшалай төлемдер), еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақыны немесе біржолғы жәрдемақыны қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстар үшін кепілдіктерді саралау және еңбек жағдайларына байланыстыру. Мысалы, Францияда тәуекел санатына қарай зиянды еңбек жағдайлары үшін 0,5 %-дан 2 %-ға дейінгі жоғарылату коэффициенттері қолданылады. АҚШ-та 16 фактор тізбесі негізінде қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін мөлшерлемесінің 8 %-ынан 25 %-ына дейінгі үстемеақы көзделсе, Германияда жалақыға берілетін үстемеақыны айқындау және оның мөлшерін белгілеу ұжымдық шарттармен немесе жұмыс берушілер мен кәсіподақтар арасындағы келісімдермен реттелін, ол 5 %-дан 15 %-ға дейінгі мөлшерде болады.

Төртіншіден, еңбекті қорғау саласындағы ғылым мен білімді дамыту, білім базасын кеңейту, еңбекті қорғау саласында жұмыс істейтін мамандарға, мекемелерге және басқа да барлық деңгейлердегі құрылымдарға әдіснамалық қолдау көрсету керек. Мысалы, Германияда курстар өткізетін оқу орындары міндетті лицензиялаудан өтеді. Оңтүстік Кореяда Кореяның еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау агенттігінің (KOSHA) тәуекелдерді бағалау бойынша тегін оқытуы мемлекеттік деңгейде қарастырылған. Сингапурда еңбекті қорғау мәселелері бойынша шеберлік сыныптары немесе қашықтық форматы түріндегі оқыту Еңбек министрлігі жанындағы оқу орталықтарында жүргізіледі [6].

Қорыта келгенде, халықаралық нормалардың, қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етумен тығыз байланыста және соған бағдарлана отырып ұлттық саясат шараларымен ұштасуы тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік

береді, бұл еңбекті қорғауды басқару жүйесі анағұрлым дамыған елдерге тән.

Қорытынды

Қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмыстары, атап айтқанда тау-кен және құрылыс жұмыстары саласында, қоғам мен мемлекет үшін әлеуметтік қауіптілік деңгейі жоғары құқықбұзушылықтар қатарына кіреді. Бұл қылмыстар адамның өмірі мен денсаулығына үлкен зиян келтіруі мүмкін болғандықтан, оларды қылмыстық құқық және криминология тұрғысынан жан-жақты зерттеу заң ғылымының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, кейінгі жылдары осы саладағы қылмыстық құқықбұзушылықтардың көбеюі көбінесе ұйымшыл бақылаудың әлсіздігімен, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі немқұрайлылықпен және өндірістік тәртіптің жүйелі түрде бұзылуымен тығыз байланысты.

Мақалада қарастырылған материалдар мен әдістер негізінде анықталған криминологиялық сипаттамалар көрсетін отырғандай, қауіпсіздік талаптарын бұзу фактілерінің алдын алу үшін кешенді тәсілді қолданған жөн. Бұл бағытта құқық қолдану тәжірибесін жетілдірумен қатар, еңбек қауіпсіздігі саласындағы кәсіби жауапкершілікті арттыру, нормативтік базаны нақтылау және өндірістік бақылау тетіктерін нығайту қажет. Қылмыстық-құқықтық шаралар тек қана жазалау функциясымен шектелін қалмай, ескерту және алдын алу бағытына да бағытталуы тиіс.

Осыған орай, қауіпсіздік ережелерін бұзу қылмыстарын алдын алу тек қылмыстық заңнаманы қолданумен шектелмей, мемлекет пен қоғамның өзара ықпалдастығын қажет ететін кешенді әлеуметтік-құқықтық міндет ретінде қарастырылуы тиіс. Криминологиялық деректерді жүйелі түрде талдау, тәуекел факторларын азайту және құқықтық мәдениетті арттыру арқылы ғана аталған санаттағы құқықбұзушылықтардың деңгейін едәуір төмендетуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Горная промышленность Казахстана [Электрондық ресурс] – Дереккөз: https://ru.wikipedia.org/wiki/Горная_промышленность_Казахстана (Тіркелген күні: 19 желтоқсан 2023 жыл)
2. Работники горнодобывающей промышленности зарабатывают вдвое больше, чем сотрудники сегмента переработки [Электрондық ресурс] – Дереккөз: <https://ranking.kz/reviews/regions/rabotniki-gornodobyvayuschey-promyshlennosti-zarabatyvayut-vdvoe-bolshe-chem-sotrudniki-segmenta-pererabotki.html> (Тіркелген күні: 14 маусым 2023 жыл)
3. Сколько женщин работают в условно неженских отраслях в Казахстане?! [Электрондық ресурс] – Дереккөз: <https://www.caravan.kz/news/skolko-zhenshchin>

rabotayut-v-uslovno-nezhenskikh-otraslyakh-v-kazakhstane-918350/ (Tirkelgen kuni: 7 nauryz 2023 жыл)

4. О травматизме, связанном с трудовой деятельностью, и профессиональных заболеваниях в Республике Казахстан (2022) [Электрондық ресурс] – Дереккөз: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-inno-/publications/6411/> (Tirkelgen kuni: 25 мамыр 2023 жыл)

5. Почему казахстанцы травмируются на производстве?! [Электрондық ресурс] – Дереккөз: <https://liter.kz/pochemu-kazakhstantsy-travmiruiutsia-na-proizvodstve-1690258223/> (Tirkelgen kuni: 25 shilde 2023 жыл)

6. Қазақстан Республикасының 2024 – 2030 жылдарға арналған қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 1182 қаулысы. (жоба) [Электрондық ресурс] – Дереккөз: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001182> (Tirkelgen kuni: 26 желтоқсан 2023 жыл).

References

1. Gornaya promyshlennost' Kazahstana [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: https://ru.wikipedia.org/wiki/Gornaya_promyshlennost'_Kazahstana (Tirkelgen kuni: 19 zheltoksan 2023 zhyly)

2. Rabotniki gornodobyvayushchey promyshlennosti zarabatyvayut vdvoe bol'she, chem sotrudniki

segmenta pererabotki [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: <https://ranking.kz/reviews/regions/rabotniki-gornodobyvayushchey-promyshlennosti-zarabatyvayut-vdvoe-bolshe-chem-sotrudniki-segmenta-pererabotki.html> (Tirkelgen kuni: 14 mausym 2023 zhyly)

3. Skol'ko zhenshchin rabotayut v uslovno nezhenskih otraslyah v Kazakhstane?! [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: <https://www.caravan.kz/news/skolko-zhenshchin-rabotayut-v-uslovno-nezhenskikh-otraslyakh-v-kazakhstane-918350/> (Tirkelgen kuni: 7 nauryz 2023 zhyly)

4. О травматизме, связанном с трудовой деятельностью, и профессиональных заболеваний в Республике Казахстан (2022) [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-inno-/publications/6411/> (Tirkelgen kuni: 25 мамыр 2023 zhyly)

5. Pochemu kazahstancy travmiruyutsya na proizvodstve?! [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: <https://liter.kz/pochemu-kazakhstantsy-travmiruiutsia-na-proizvodstve-1690258223/> (Tirkelgen kuni: 25 shilde 2023 zhyly)

6. Kazakstan Respublikasynin 2024 – 2030 zhyldarga arналган қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын бекіту туралы Kazakstan Respublikasy Ukimetin 2023 zhyly 26 zheltoksandagy № 1182 kaulysy. (zhoba) [Elektrondyk resurs] – Derekkөz: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300001182> (Tirkelgen kuni: 26 zheltoksan 2023 zhyly)

**ҚЭУ Жаршысы: экономика, философия,
педагогика, юриспруденция
ЖУРНАЛЫ**

**ЖУРНАЛ
Вестник КЭУ: экономика, философия,
педагогика, юриспруденция**

**JOURNAL
Bulletin of KEU: economy, philosophy,
pedagogics, jurisprudence**

Мнение авторов не всегда отражает точку зрения редакции.
Перепечатка материалов, опубликованных в журнале, допускается только
с письменного разрешения редакции. Ссылка на журнал обязательна.

Басуға қол қойылды
Пішімі
Көлемі, ес. б. т.
Таралымы
Тапсырыс

27.03.2025
60 × 84 / 8
13,95
300
№ _____

Подписано к печати
Формат
Объем, п. л.
Тираж
Заказ

Келісімді баға

Цена договорная



ТИПОГРАФИЯ
КУ КАЗПОТРЕБСОЮЗА

Редакцияның мекен-жайы – Адрес редакции
Республика Казахстан, 100009, г. Караганды, ул. Академическая, 9.
Отпечатано в типографии Карагандинского университета Казпотребсоюза